

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 651 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 қыркүйектегі N 1398 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилиирленген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 651 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 31, 330-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

"Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 68-жолмен толықтырылсын:

"

68.	"Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы" АҚ акциялар пакетінің 100 %
-----	---

";

"Магистралдық мұнай құбырлары" деген бөлімде: реттік нөмірі 3-жолдағы 2-баған ("Өзен" БМАС-тан (0 км.) Ресей Федерациясының шекарасына дейін (1237,4 км.) ұзындығы 1237,4 км.)" деген сөздермен толықтырылсын ;

реттік нөмірі 14-жолдағы 2-баған "(Ресей Федерациясының шекарасынан (214,7 км.) "Павлодар" БМАС-қа дейін (437,3 км.) ұзындығы 222,6 км.)" деген сөздермен толықтырылсын ;

"Атом энергиясын пайдаланатын объектілер" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2-жолмен толықтырылсын:

"

2.	"Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы" РМК "Геофизикалық зерттеулер институты" ЕМК Бурабай геофизикалық обсерваториясының филиалы (Бурабай кенті)
----	--

";

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай мазмұндағы жолмен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"ЕМК - еншілес мемлекеттік кәсіпорын".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК